

## ДАЛА ӨЛКЕСІ МЕН ТҮРКІСТАН ӨңІРІНДЕ ЖЕР НОРМАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОРЛАРЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIX Ғ. АЯҒЫ-XX Ғ. БАСЫ)

ИСМАГУЛОВ Ұ.Ш.<sup>1\*</sup> , БЕРДІҒОЖИН Л.Б.<sup>2</sup> 

\*Исмагулов Ұзақбай Шаукерұлы<sup>1</sup> - Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: [uzakbai\\_is@mail.ru](mailto:uzakbai_is@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы<sup>2</sup> - Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

E-mail: [berdyguzhin@mail.ru](mailto:berdyguzhin@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-9092-9504>

**Аңдатпа.** Мақала Ресей империясында қалыптасқан аграрлық қайшылықтарды шешу қажеттігінен туындаған Дала өлкесі мен Түркістанда жүргізілген отаршылдық жер саясатының мәселелерін қарастыруға арналған.

Мақалада жер нормаларын белгілеу мен артық жерлерді анықтаудағы қайшылықтар егжей-тегжейлі талданады. Авторлар 1861 жылғы заңның нәтижесінде бостандыққа ие болған, бірақ жерсіз қалған ресейлік шаруаларды қазақ даласына қоныстандыру шаралары қабылданғанын атап өтеді. Осыған байланысты арнайы экспедициялар құрылып, олар қазақ жерлерін жан-жақты зерттеу және жер қорларын анықтау үшін Дала өлкесі мен Түркістанға жіберіледі. Жұмыс көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтарға қажетті жайылымдық жерлер болып табылатын құнарлы аймақтарда жүргізіледі. Көшпенді қазақ шаруашылығына жер нормалары белгіленіп, ал артық деп шыққандары қоныс аударушы шаруалар қажеттіліктеріне бөлінеді. Мақалада осы «артық жерлерді» анықтауға ықпал ететін жер нормаларын белгілеу ерекшеліктері зерттеледі.

Ф. Щербинаның экспедициясы көшпенді шаруашылықтар үшін жер нормасын белгілегені, бірақ кейіннен В. Кузнецовтың экспедициясы оның деңгейін төмендеткені атап өтіледі. Жетісу және Сырдария облыстарындағы экспедициялар жұмысында жер нормаларын белгілеу кезінде орын алған қайшылықтар анықталады.

Авторлар қоныс аударушылар үшін «артық жерлер» мен жер қорларын анықтау барысында жоғарыда аталған экспедициялар жұмыстарындағы анықталған кемшіліктердің көптігі тіпті, патша шенеуніктерінің өздерін де ойландырып тастады деген қорытындыға келеді. Жағдайды генерал-губернаторлар мен әскери губернаторлардың архивтерде сақталынған пікірлерінен байқауға болады.

**Түйін сөздер:** Ресей империясы, отарлау, қазақ шаруашылығы, қоныстану, жер нормасы, артық жерлер, отарлық салдары

### Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясында қалыптасқан экономикалық қайшылықтар осы мәселелерді шешу жолдарын қарастыруға әкелгені белгілі. Саяси-әлеуметтік, экономикалық және стратегиялық мақсаттарда Сібір мен Дала өлкесін игеру қажеттілігі туындайды. Басыбайлық құқықтың жойылуы нәтижесінде жерсіз қалған шаруаларды жермен қамтамасыз ету мәселесі қолға алынады. Осылайша, қазақ даласында «ішкі отарлау» саясаты басталады. 1868, 1891 жылдардағы Ережелерде көрсетілгендей, қазақ жерінің мемлекеттік меншік есебінде жариялануы Ресей империясына қазақ даласын шаруалар мүддесіне отарлауға заңды-құқықтық негіз береді деп есептелді. Мақала мақсаты қазақ даласының отарлық шараға тартылуының барысын, өкіметтің жүргізген амал- әрекеттерін, жұмыс нәтижелерін, салдарын ашу болып табылады. 1880 жылдары Дала облыстары мен Түркістан өлкесінде жер қорларын іздестіру жұмыстары жүргізіледі. 1890 жылдардың ортасында қазақ даласына осы жұмыстар үшін Ф. Щербина басқарған экспедиция жіберіледі. Кейінгі жылдары да билік орындары шаруаларды қоныстандыруға қажетті жер қорларын анықтау есебімен жаңа экспедициялар аттандырады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда бос жерлер болмаса да, зерттеушілер «артық» жерлерді іздестіруді жалғастырады. Ең қиыны, «артық» жерлерге жайылымдар үшін қажетті сулы, нулы және құнарлы жерлер кіргізіледі. Бұл міндетті шешу үшін зерттеушілер қазақ

шаруашылығы үшін «қажетті» жер нормаларын белгіледі, ал ең қолайлы жерлер «артық жер қоры» ретінде бөліп алынды. Сондықтан, империяның мүддесі үшін қазақ халқынан «артық жерлерді» анықтау үшін әзірленген жер нормасының мәні мен ерекшеліктерін, жасақтау тетіктерін және оны қолдану әдістері мен тәсілдерінің ерекшеліктерін жан-жақты ашу таңдалған тақырыптың өзектілігін көрсетеді деп санаймыз.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары мен материалдары, сондай-ақ «Материалы по земельному вопросу в Азиатской России» (1917), «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией» (1898), «Труды съезда Тургайско-Уральской переселенческой организации» (1908), «Журнал совещания о землеустройстве киргиз» (1907), «Сборник узаконений и распоряжений о переселении» (1901) сияқты журналдар мен жинақтар болып табылады.

Зерттеудің негізіне объективтілік және тарихилық принциптері алынды. Объективтілік принципі Ресей империясының қазақ жерін отарлауының қазақ көшпелі шаруашылығына теріс әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Тарихилық принципі Ресей империясының Дала өлкесі мен Түркістанда жер қорларын іздестірудегі нақты тарихи жағдайға байланысты қызметінің мәнін анықтауға ықпал етті, сондай-ақ олардың нәтижелері мен салдарларын анықтауға көмектесті.

Экспедициялардың жұмыс нәтижелерін саралау және Дала өлкесі мен Түркістанда жер нормаларын және жер қорын белгілеу ерекшеліктерін анықтау кезінде салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Көңіл аударарлық жай, тарихи зерттеулерде жеке тақырып ретінде Ресей империясы жер саясатындағы жер нормаларын белгілеу және жер қорын анықтау мәселелері жеткілікті зерттелмеген. Жер нормаларын белгілеу және жер қорларын анықтау мәселелері Ресей империясының жер және қоныстандыру саясаты туралы жазылған еңбектерінде жалпылама қарастырылып отырған. Мысалы, А. Кауфман (Кауфман, 1903), Ф. Щербина (Щербина, 1900), В. Кузнецов (Киргизское хозяйство в Акмолинской области, 1910), И.Л. Ямзин (Ямзин, 1912) және т.б. революцияға дейінгі авторлардың есептері мен мақалаларында жер нормасына қатысты мәліметтер кездеседі.

Ресей империясының аграрлық және қоныстандыру саясатының мәселелері кеңес дәуірінде қазақстандық ғалымдар А.Б. Тұрсынбаев (Тұрсынбаев, 1950), Б.С. Сүлейменов (Сүлейменов, 1963) және т.б. монографияларында талданады. Аталған тарихшылардың еңбектерінде нормалар мен жер қорлары туралы мәселелер қарастырылып өтеді.

Қоныстандыру саясатының мақсаттары, қоныстандыру үшін қажетті жер қорын анықтау, жер нормаларын белгілеу, олардың қазақ қоғамы үшін салдары туралы А. Бөкейханов (Бөкейханов, 1910), Т. Шонанұлы (Шонанұлы, 1995) және т.б. толығырақ жазды.

Қарастырылып отырған мәселе М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 1995), О. Мұқатова (Мұқатова, 1999), Ұ. Исмагулов (Исмагулов, 2018) және т.б. тәуелсіздік жылдарында жарияланған еңбектерінде де кездеседі.

Жер нормасы, жер қоры мәселелері ресейлік ғалымдар Н.Н. Сорока (Сорока, 2009), Е.В. Тарасова (Тарасова, 2012) және т.б. мақалаларында да қарастырылады.

Патшалық Ресейдің аграрлық саясатының тарихнамасында қазақ өлкесін шаруалар отарлауы мәселесі ерекше орын алады. Шаруалардың Дала өлкесі мен Түркістанға қоныс аудару процесін тарихшылар бірнеше кезеңге бөлетіні белгілі. Мысалы, Н.В. Алексеенко оны үш кезеңге бөледі: 1) 1861-1880; 2) 1880-1906; 3) 1906 және одан кейін [1, 3].

Бірінші кезең шаруалардың ерікті қоныс аударуымен сипатталады. Бұл кезеңде Ақмола облысы аумағында алғашқы орыс қоныстары пайда болады. Мұнда қоныс аударушылар

қазақтардан жерді көп жағдайда жалға алып тұрады. Ол кезде патша үкіметі шаруалардың қоныс аударуына әлі мүдделі болмаған еді. Себебі, Ресейдің ішкі аймақтарындағы бай помещиктерге қызмет көрсететін арзан жұмыс күшінің күрт азаю қаупі туындайды.

1881 жылдан бастап үкімет қоныс аудару процесін белгілі бір дәрежеде қолдай бастады. Осы жылы «Ауыл тұрғындарын қазақ жеріне қоныстандырудың уақытша ережесі» шығады. Ережеге сәйкес, қоныс аударушы шаруаларға жан басына 45 дес. жер бөлу және т.б. жеңілдіктер берілуі жолдары белгіленеді. Алайда, бұл шараның қоныс аудару толқынын күрт көтеріп жіберу қауіпке байланысты 1883 жылы бұл жұмыс уақытша тоқтатылады.

Егіннің шықпай қалуы, аштық, соған байланысты Ішкі Ресейде аграрлық қайшылықтардың тым шиеленісіп кетуі әсерінен 1889 жылы «Ауыл және қала тұрғындарын қазына жеріне ерікті түрде қоныстандыру жөніндегі ережесі» шығады. Бұл заң 1891-1892 жылдары Дала өлкесіне жататын Торғай және Орал облыстарына да тарайды. Мұның негізгі мәні мынада еді: біріншіден, қоныстандыру ісі үкімет ұжымдарының қолында қалады; екіншіден, жеке адамдар Мемлекеттік Мүлік министрлігі берген рұқсат бойынша ғана қоныс аудару алады; үшіншіден, ондай рұқсаты жоқ жандар әкімшілік тәртіп арқылы бұрынғы мекендеріне қайтарылады [2, 26]. Жалпы, Дала өлкесіне, атап айтқанда Ақмола, Семей, Жетісу облыстарына шаруалардың қоныс аударуы 1882 жылы басталады. Осы мақсатта құрылған комиссиялар бұл аймақтардан жердің «артық» мөлшерін анықтап, оларды арнайы белгіленген қоныс аудару қорына тіркеуге тиіс болды.

Қоныстандыру мәселесі алғаш Ақмола облысында көтеріледі. Дала өлкесі генерал-губернаторының жарлығы негізінде 1884 жылы облыс губернаторының басшылығымен арнайы жер комиссиясы құрылады. Комиссия жұмысының нәтижесінде облыстың үш уезі (Омбы, Петропавл, Көкшетау) қоныстануға қолайлы деп белгіленеді. Аталған үш уезде, яғни Омбы уезінде – 862.259, Петропавл уезінде – 1.286.612 дес., Көкшетау уезінде – 272.585 дес. жер «бос» және отарлауға жарамды деп танылады. Осылайша, комиссия бұл алғашқы зерттеулерде әрбір қоныстанушыға 30 дес. жер бөлу негізінде 80.716 жанға арналған 2.421.506 дес. жерді қазақ иелігінен алуды ұсынады. Норманы екі есе азайтқанда 161.432 жанды орналастыру мүмкіндігі болатындығы да ескеріледі [3, 50]. Қазақтар үшін 13 дес. норма белгіленеді: ірі қара малға 20% қосымшасымен 10 дес. және орман алқабынан 3 дес. Ақмола және Атбасар уездерінің жерлері егіншілікке қолайсыз деп табылып зерттеу жұмыстарына тартылмайды.

1890 жылы құрылған Ерекше комитет Ақмола облысындағы жердің «артық» мөлшерін анықтау үшін іздестіру жұмыстарын жүргізеді. Әр шаңыраққа 448,2 дес. қолайлы жер белгіленеді. Мал басына тиісілі үлес 15,4 дес. құрайды. «Артық» жерлердің мөлшері 5.531.760 дес. болады. Нәтижесінде, қазақ халқынан алынған жерлерге 30 дес. үлес бойынша 184 392 адам, ал 15 дес. үлеспен одан да көп, яғни шамамен 400 мың адам орналастыру қарастырылады [3, 51]. Алайда, сол кезде жүргізілген жұмыстарда көптеген қайшылықтар болды. Жер пайдаланудың ерекшеліктері, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі сияқты мәселелер ескерілмеді. Жұмыс жүйесіз жүргізіледі, жерді зерттеу кезінде әскери-топографиялық карталар қолданылады. Қоныстандыру бойынша жүргізілген қандай да болсын жұмыстар шаруаларды жермен қамтамасыз ете алмады. Сондықтан өңірлерді барынша зерттеп, қоныстануға жарамды жерлерді анықтау үшін экспедициялар ұйымдастыру шаралары қабылданады. Бұл мәселе 1895 жылы арнайы қаралады. Осыған байланысты Ф. Щербина экспедициясы құрылады.

Ауыл шаруашылығы және Мемлекеттік мүлік Министрлігінің (1905 жылдан бастап Жерге орналастыру және Егіншіліктің Бас басқармасы) бұйрығымен құрылған бұл экспедиция 1896-1903 жылдары Дала өлкесінің уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-санактық зерттеу, қазақтарға қажетті жер көлемін анықтау және қалғандарын отарлық қорға тарту бойынша жұмыс істейді.

Ф. А. Щербина өзінің жұмысына Воронеж облысында жүргізілген зерттеулердің тәжірибесін қолданады. Мал саны жылқыға шағылып есептелді. Ф. Щербина қазақ

шаруашылығына қажетті жер нормаларын белгілеу кезінде қазақтардың орташа қалыптағы шаңырағына тиесілі мал басын 1 жылқыға (6 қойға) теңестіреді, сондай-ақ әр бас малға әртүрлі деңгейдегі жайылымдардың көлемін анықтайды және оларды екіге көбейтіп, әр қазақ шаңырағына тиесілі жер көлемін шығарады.

Экспедиция солтүстік аудандардың 12 уезінде зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бастапқы кезеңде зерттеу жұмысы аяқталған 8 уезд үшін норма белгіленеді. Бұл уездерде зерттеуге дейін қазақтардың пайдалануында 45.889.000 дес болған. Экспедиция қойған норма бойынша 23.297.000 дес. (51 %) жер қазақтарға, 22.592.000 дес. (49 %) – қоныстандыруға бөлінеді. Қазақтарға норма бойынша шаруашылыққа бөлінген жерлер (барлығы 124.600) орта есеппен 187 дес. болады. Әр уезге орташа көрсеткіш негізінде 138-261 дес. келеді. Қыстауға арналған норма 70-300 дес., ал жайлауға 24-144 дес. Құрайды [4, 17].

Жер нормаларын белгілеу кезінде өзіндік ерекшеліктер болды. Егер 21600 дес. жерде 5 ай бойы 7200 бас мал ұсталса (жылқыға шаққанда), сол 5 айда әр бас малға 3 дес. келеді. Мал жайылымда 10 ай тұратынын ескерсек, бір бас малға 6 дес., сайып келгенде 24 бас малға 144 дес. жер керектігі шығады [5, 17].

Цифрлық көрсеткіштің жоғары деп есептелгеніне қарамастан Егіншілік және Мемлекеттік мүлік министрлігінің жарлығымен (№1 циркуляр, 1901 ж. 5 наурыз) норма деңгейі 25% артады. Нәтижесінде, қазақ халқының пайдасына бұрынғы жер көлеміне (23.297.000 дес.) қосымша 5.824.000 дес. беріліп, ол 29.121.000 құрайды. Орташа алғанда шаруашылыққа 234 дес. жер келеді. Кейбір аудандарда ол 555 дес. құрайды [4, 17].

Үкіметтің осындай әрекеттерінің өз себептері болды. Торғай-Орал қоныстандыру ауданының санақтық партиясы тек жақын туыстар болып саналатындардың ғана «тәуелсіз шаруашылықтарын» тіркейді. Айта кетер жай, Ф. Щербина малсыз шаруашылықтарды жеке шаруашылықтар ретінде санамай, оларды ірі шаруашылықтардың жалпы құрамына қосып жібереді. Нәтижесінде Атбасар, Көкшетау, Павлодар, Петропавл және Омск уездерінде көшпелілердің 2,1–8,3 % есепке алынбай қалады [3, 53].

Шынында да Ф. Щербинаның зерттеу жұмыстарында алғашқы күндерден - ақ түрлі қайшылықтар орын алады. Жұмыстар нақты жүргізілмейді, «артық жерлер» дұрыс анықталмайды, жер ауқымдары адамдар арасында жүргізілген ауызша сауалнамалар бойынша анықталады. Мысалы, 25 мың дес. жер деп көрсетілген шаруашылықтың аумағы шын мәнінде 6 мың дес. болған. Мұндай асығыстық Ресей ішіндегі аграрлық қайшылықтардың күрт шиеленісуінен туындайды. Жерсіз шаруаларды шұғыл түрде жермен қамтамасыз ету қажет болды. Сондықтан зерттеу жұмыстарын нақты жүргізуге көңіл бөліне бермеді.

1898 жылы Ф. Щербина Қостанай уезінің солтүстік бөлігінің болыстарын зерттеу кезінде мұнда 7854 шаңырақ барын, қазақ халқының иелігіндегі жер 2421294 дес. құрайтынын, егер мал нормасы жылқыға шаққанда 24 бірлік болса, онда жайлы жерлерден 144, жайсыздау жерлерден 173, жайсыз жерлерден 202 дес. жер бөлінуі керек екенін, ал қалған 1.871.094 дес. жерді қоныс аудару қорына беруге болатындығын көрсетеді. Бұл жұмыстың жүйесіз жүргізілгендігі соншалық, санақтық тізімге 893 шаңырақ кіргізілмеген, ал «миллиондық кесіндіде» тұратын 6958 шаңырақтың түрлі қажеттіліктеріне жер бөлінбеген, жалпы алғанда 1.003.324 дес. жер есепке алынбай қалған. Сондай-ақ Ақтөбе және Қостанай уездеріндегі көшіп-қонып жүретін қазақтар да ұмыт қалдырылған. Мұндай жағымсыз жағдайлар Торғай облысының әскери губернаторы Барабаштың баяндамасында егжей-тегжейлі баяндалған [6, 124-125].

Сондай - ақ, экспедиция Ақтөбе уезінде де зерттеу жұмыстарын дұрыс жүргізбеген. Уезд ішінде тұратын шаруашылықтарға жер нормасын белгілеу кезінде қателіктер жіберіледі. Экспедиция мәліметтері бойынша уезде барлығы 5.183.623 десятина жер болған, оның 2.556.922 десятинасы «артық» деп есептеледі. Бірақ, көрші Қостанай уезіндегі сияқты, осы «артық жер» көлемінен орман алқаптары, мал айдау жолдары, теміржол бойындағы жерлер алынып

тасталмайды. Осыған байланысты 1903 жылғы 7 наурызда өткен Торғай облыстық басқармасының жиналысы журналында көрсетілген Ақтөбе уезіндегі қазақтардан алынған жер көлемінің мөлшері (204.042 десятина) қате болып шығады. Шын мәнінде алынған жер көлемі 267.417,5 дес.құраған еді [7, 98-99].

Осындай жүйесіз жүргізілген жұмыс нәтижесінде қазақтар үшін қойылған жер нормалары жеткіліксіз болып шығады, бөлінген жерлері шаруашылық жүргізу үшін тым тар болады. Мұны мемлекеттік мекемелердің өздері де түсінеді. Торғай облысы әкімшілігі Ф. Щербина экспедициясы белгілеген нормалар тым төмен екеніндігін көрсетеді. Осылайша, бастапқыда артық жердің тек 1/3 қорға алу жоспарын ұстанған үкімет [8, 45], кейін, керісінше, қазақтарға тек 25% қалдыру туралы шешім қабылдайды [9, 413-414]. Бұл 25% жеке аудандар мен болыстар бойынша емес, тұтас уезд бойынша есептелгенін атап өткен жөн. Бұл әрекет норманы жер жағдайына байланысты бөлуге кедергі келтіреді.

Көшпенділердің жерін қоныс аударуға және басқа да қажеттіліктерге алып қою олардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін жойып, мал шаруашылығын дағдарысқа ұшыратты. А.Д. Колесников ол жөнінде «..изъятие земель проводилось насильственным путем, нарушались вековые традиции народа. Это явно снижало авторитет и эффективность реформы. В какой степени такое утеснение было опасно для инородцев и какие меры предпринимали местные власти в этом направлении? Эти вопросы были предметом особых рассматриваний как либеральной общественности, так и правительства, МВД и Главного управления землеустройства и земледелия (ГУЗиЗ) деген пікір білдіреді [10, 153].

Ақмола облысының губернаторы Дала өлкесінде жартылай көшпелі өмір салтын енгізу мәселесін көтереді. Батыс Сібір генерал-губернаторына берілген баяндамада көшпенділікке тыйым салу мал шаруашылығына зиянын тигізетінін, себебі, бүкіл өмірі малмен байланысты, сол малды тіршілік көзі деп санайтын халықтың болашақта басқа тіршілік көздерін тапқанда ғана көшпенділіктен бас тарта алатындығын айтады [11, 199].

Қазақ даласында артық жерлер іздеудегі қайшылықтар туралы Дала генерал-губернаторы Н.Н. Сухотин де айтқан. Өз есебінде ол шаруаларды қоныс аудару көшпелілер жерлерін тарылтып, оларды көшіп-қонудан, су көздерінен айырып, экономикалық жағдайына кері әсер ететінін, сондықтан бұл шара мәдени ықпалдан басқа әртүрлі қайшылықтарға әкелетінін көрсетеді [3, 53].

Сондай-ақ, генерал-губернатор 1904 жылы Ішкі істер министріне жазған хатында қазақ болыстарынан ең жақсы, құнарлы жерлер, жайылымдар мен сулар алынып, қазақтарға тек жарамсыз жерлер қалатынына тоқталады (Тарасова, 2012: 200). Бұл пікірді 1907 жылы болған Торғай-Орал қоныстандыру ұйымының съезінде Торғай облысының әскери губернаторы А.А. Ломачевский де қуаттайды. Өз сөзінде ол Торғай облысы мал шаруашылығына жататынын, сондықтан егіншілікке жарамсыз екенін ескертеді [12, 2].

1901 жылғы 5 наурыздағы циркуляр негізінде артық жерлердің  $\frac{3}{4}$  бөлігін алу нәтижесінде қазақ халқы тағы да 8–9 млн. дес. жерінен айырылады. 1903 жылы Кауфман артық жерлерді анықтау үшін Орал облысына келеді. Ол облыстың солтүстік аудандарында 720 мың десятина «артық жер» бар деп есептейді. 1901 жылғы 5 наурыздағы циркуляр бойынша ол артық жерлердің 25% көшпенді халықтың пайдасына қалдыруға тиіс еді. Бұл жағдайда Кауфман отарлық қордың мүддесі үшін қазақтарға артық жердің тек 1/10 бөлігін ғана қалдыруды шешеді [13, 26-27].

Бұл аймақта да жер нақты зерттелмеген. А. Кауфман осы жерлерде тұратын қазақтардың шаруашылықтарын және қоныстандыруға болатын жерлерді ғана зерттеу қажеттігі туралы айтады. Осы жағдайды Т. Шонанұлы қоныс аударушылардың пайдасына қазақ жерін жан-жақты зерттеу тиімсіз екендігін, мысалы, егер Темір, Ырғыз уездерін зерттелетін болса, онда отарлау үшін жер жоқ, керісінше, бұл уездердің қазақтарына басқа уездерден жер беру қажет болатындығын, бұл арада ескі биліктің мақсаты - қалай да болса «артық» деген сылтаумен жер

алу екендігін түсіндіреді [14, 49].

1904 жылы 6 шілдеде шыққан «Ауыл тұрғындары мен жер иеленушілерді ерікті түрде көшіру туралы уақытша ережелер» заңы қазақ даласына қоныс аударушыларға жол ашты. Ережеге сәйкес, шаруалар бұрынғы тұрғылықты жерлерінен рұқсатсыз еркін кете алатын болды. Қоныс аудару қозғалысы бұрынғыдай ретсіз өздігінен жүре берді.

1904-1905 жылдары қазақ даласы қоныс аудару орны ретінде бес ауданға бөлінді. Олардың қатарына Дала өлкесі бойынша Орал-Торғай, Ақмола, Семей, ал оңтүстік өңірде Сырдария және Жетісу аудандары кірді.

1904 жылдан 1906 жылға дейін бұл аймақтарда қоныс аудару мекемелері ашылады. Олардың негізгі міндеттері артық жерлерді табу және оларды қоныс аудару қорына бөлу болды. Осы уақытта жаңадан «артық» жерлер анықтау үшін қосымша экспедициялар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, қайта тексеру үшін экспедициялар жасақталады. Ф.Щербина белгілеген «жоғары» жер нормасын қайта қарау үшін 1907 жылдан бастап В. Кузнецовтың, содан кейін А. В. Переплетчиковтың экспедициялары қазақ өлкесіне қайта тексеру жұмыстарын жүргізу үшін жіберіледі. Бірінші экспедиция 1907-1909 жылдары Ақмола облысында, екінші экспедиция 1910-1911 жылдары Семей облысында қайта зерттеулер жүргізеді. Сондай-ақ бірнеше экспедициялар әр түрлі бағытта жұмыс істейді. Мысалы, П.А. Хворостанскийдің Орал, Торғай облыстарында (1904-1912 жж.), П. А. Скрыплевтің Сырдария облысында (1906-1913 жж.), П. П. Румянцевтің Жетісу облысында (1909-1913 жж.) зертеу жұмыстарын жүргізген экспедицияларын атап көрсетуге болады.

В. Кузнецов экспедициясының жұмысы бұрынғы зерттеу бағытын ұстанады. Оның ерекшелігі шаруашылықтар кәсіпшілігі мен егістігі жоқ таза мал шаруашылығы, егіні бар мал шаруашылығы, кәсіпшілігі бар, бірақ егіні жоқ шаруашылық деп бөлінуінде болды. Осыған байланысты ол бұл шаруашылықтарды көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы деп атайды [15, 56].

Зерттеу барысында 25-ден астам жылқысы бар барлық жартылай көшпелі, отырықшы шаруашылықтар тұтынушы шаруашылықтарға жатқызылады. Экспедиция тұтынушылық сипаттағы шаруашылықтағы мал басының орташа деңгейін шаруашылық санына бөле отырып есептейді және оны бюджет деректерімен салыстырады. Нәтижесінде, тұтынушылық шаруашылықтың малмен қамтамасыз етілуінің орташа деңгейі Ф. Щербина көрсеткен 24 жылқы емес, 15 жылқы болып табылады [15, 57].

25-ден астам жылқысы бар көшпелі өндірістік шаруашылықтардың малмен қамтамасыз етілу нормасы әртүрлі уездер үшін орташа алғанда 29-дан 35 бірлік аралығында анықталады.

Осыған байланысты уездер бойынша артық жер көлемі мынадай болады: Кокшетау уезінде – 1.177.409 дес., Омбы уезінде – 2.056.589 дес., Петропавл уезінде – 1.583.362 дес., Атбасар уезінде – 1.106.275 дес. және Ақмола уезінде – 3.448.027 дес. Ақмола облысы бойынша барлығы 9.968.662 дес. [15, 58].

Солтүстік аудандарды зерттеу нәтижесінде, егер Щербина қазақ халқына 3,3 млн. дес. (бір шаруашылыққа орташа 260 дес. немесе 1 бас малға 13 дес.) жер қалдырса, Кузнецов бар болғаны 2,4 млн. дес. қалдырды. Есептеулер бойынша, орташа 1 шаруашылыққа 157 дес. немесе 1 мал басына 5,5 дес. келеді. Осылайша, қазақтарға арналған жер нормасы зерттеу жылдары барысында шаруашылықта 40%, ал 1 бас малға 38% азайып кетеді [16, 67].

Сонымен қатар, Ақтөбе және Өскемен уездерінде 18 бас малға белгіленген жер нормалары мал басы санының 12 түсірілгендігінен қысқартылады. Қалған жердің 1/3 бөлігі қоныстандыру қорына алынады. Щербинаның көшпенділерге жазғы жайылым үшін жер бөлу туралы шешімдерін В. Кузнецов жойып тынады.

Ф.Щербина экспедициясы жұмысының айналасында жақтаушыларының да, қарсыластарының да тараптарынан түрлі пікірлер болғаны белгілі. Экспедиция белгілеген жер

нормасына қатысты сұрақтар туындайды. Мәселе Ф. Щербинаның Көкшетау уезінде жүргізген алғашқы кездегі зерттеулеріндегі норма бойынша түсіндірме жазбасында «жер нормасы көшпенділерге беру үшін емес, көшпенді шаруашылықты қорғау үшін» деп көрсетуінде болды» [5, 182-183].

Жерге орналастырылатын қазақ халқы үшін жер нормаларын белгілеу алғаш рет 1907 жылы өткен ведомствоаралық кеңесте қаралады. Бұл норма таза көшпелі шаруашылықтан отырықшы-мал шаруашылығына, яғни отырықшы шаруашылыққа ауысатын көшпелі қазақтарға қатысты болды. Норманы анықтау кезінде әр аймақтың тұрмыстық және экономикалық өмірінің ерекшеліктері, оның табиғи-тарихи және экономикалық-шаруашылық жағдайы ескеріледі. Айта кетер жай, қазақтар үшін жер нормалары уақытша болып саналды, сондықтан оларға бөлінген жер қорлары әкімшілік тәртіппен өзгертілуі мүмкін болды.

Солтүстік аудандарда қайта зерттеулер жүргізумен қатар оңтүстік аудандарда жер нормаларын белгілеу қолға алынады. 1905 жылы Жетісу қоныс аудару партиясы құрылады.

Жетісу облысының аумағы 6 табиғи-тарихи ауданға бөлінеді. 1906 жылға дейінгі зерттеу жұмыстары барысында облысқа жататын 4 уезіндегі қазақтар шаруашылығы тексеріліп, орта есеппен алғанда Верный уезінде 8,47, Жаркент уезінде – 13,10, Қапал уезінде – 8,26, Лепсі уезінде – 6,82 бас малдан келетіндігі анықталады. Осыған сүйене отырып, мынадай жер нормаларын бөлу ұсынылады: шаруашылық үшін қолайлы аудандарда 35-40 дес., қолайсыз аудандарда-72-82 дес. [17, 112].

Мұнда қоныс аудару қоры үшін «артық» жерлерді іздеу үлкен қайшылықтармен өтеді. 1909 жылы арнайы кеңес шақырылып, аймақты жан-жақты зерттеу мәселесі көтеріледі. Осыған байланысты П.Румянцев экспедициясы құрылады, ол 1909-1913 жылдар аралығында санақтық зерттеу жүргізеді.

Ол кезде патшалық Ресейде санақтық зерттеудің екі түрі болған: Чернигов (бағалау санағы) және Мәскеу (экономикалық санақ). П. Румянцев осы екі түрін де қолдану арқылы жасалған санақтық зерттеуді ұстанады. Ол қалыпты деңгейдегі орташа табыс алуға ықпал етеді деп есептеледі.

Жетісудағы зерттеулер көшпенділер шаруашылығының орташа деңгейі мен түрлерін анықтауға бағытталады. Осы іс-әрекеттер негізінде көшпенділерді жерге орналастыру нормаларын және кесілгеннен кейін қалған артық жерлер көлемін анықталады.

Қазақтардың жер пайдалануын зерттеу Сырдария облысында 1908 жылы да жүргізіледі. Шымкент уезінде 9,2-9,3 дес. жайылымы және 7,5 бас малы бар шаруашылық қалыпты шаруашылық болып тіркеледі. Жайылымдар мен шабындықтарды қоса алғанда шаруашылыққа қажетті жер көлемі 21,3 дес. болып саналады. 1909 жылы өткен отырыста осы мәселе қайта қаралады. Отырыста қазақтар үшін жерді жекелеген шаңырақтарға емес, тұтас қауымдарға нормалау туралы мәселе көтеріледі. Сондай-ақ қазақтардың жерді тұтынудың нақты деңгейін негіздеу туралы пікір айтылады, өйткені қазақтарға қоныс аударушылар үшін белгіленген норма бойынша жер беру шабындық алқаптары мен малдары көп ауқатты шаруашылықтарға зиян тигізеді деп есептеледі.

1910 жылы Сырдария және басқа облыстардың байырғы көшпенділерінің артық жерлерін қоныстандыру қорына беру туралы Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереженің 270-бабына өзгерістер енгізілуіне байланысты Сырдария облысында «артық» жерлерді алу күшейтіле түседі.

1907-1910 жылдар аралығында Қостанай уезінде қайта тексеруге 138.989 қазақ, 2.700 қоныс аударушы, барлығы 141.689 шаруашылық тартылады [18, 42].

1911 жылдың 1 қаңтарына дейінгі зерттеулер негізінде қазақтардың орташа деңгейдегі шаруашылығына жер нормасы мынадай түрде белгіленеді: Орал облысы үшін (Орал уезі бойынша) - 74-149 дес., Торғай облысы үшін (Қостанай уезі бойынша) - 72-120 дес., Жетісу облысы үшін Верный округі бойынша 35 десятинадан Лепсі уезі бойынша 71 дес. дейін, Сырдария

облысы үшін (Шымкент уезі бойынша) – 25,37–127,43 дес., Семей облысы үшін Өскемен уезі бойынша 79 дес.-дан Семей уезі үшін 219 дес. дейін, Ақмола облысы үшін Ақмола уезі бойынша 55 дес.-дан Атбасар уезі бойынша 358 дес. дейін.

Нәтижесінде, артық жерлер 21 166 135 дес. құрайды, облыстар бойынша: Орал – 929 132, Түркістан – 1 682 357, Сырдария – 1 730 367, Жетісу – 4 949 500, Ақмола – 11 874 780 дес. [19, 42]. Бұл «артық» жер көлемдері қазақстандық ғалымдардың монографияларында да көрініс табатынын атап өткен жөн [2, 50; 19, 252; 20,599].

Осы уақытта Далалық өлкеге кіретін төрт аймаққа дайындалған қоныс аудару қоры бойынша ер адамдар үшін 581.758 жанды, әйелін қоса есептегенде 1.163.516 жанды орналастыру қарастырылған [20, 98-99]. Ер адам саны Қазақстан тарихының жоғарыда аталған кітабында көрсетілген жандар санынан айтарлықтай ерекшеленбейді.

Жалпы, Дала өлкесі мен Түркістанда 1917 жылға дейін қазақтардан алынған жер көлемі 45 млн.дес құрайды [19, 599].

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, 1861 жылы және одан кейінгі жылдары басыбайлылық құқықтың жойылуынан бастап патшалық Ресейдің алдында ішкі аграрлық қайшылықтарды, атап айтқанда жерсіз шаруалардың мәселелерін шешу міндеті тұрғанын көреміз. Осыған байланысты бұл проблемаларды басқа тәсілдермен, оның ішінде империяның құрамына кіретін қазақ жерлері есебінен шешу туралы мәселе көтеріледі. Патшалық Ресей қажеттіліктері үшін жер қорын іздеу мақсатында арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Негізгі мақсат шаруаларды қоныстандыру үшін жер қорын құру болғандықтан, жергілікті көшпелі халық үшін қажетті көлемде жер нормаларын белгілеу бойынша әрекет еткен экспедициялар жұмыстарында әртүрлі қайшылықтарға жол берілді. Бұл жағдай қазақ жерлерінің «артық жер» деген сылтаумен заңсыз кесілгенін айғақтайды. Нәтижесінде жер тапшылығына байланысты малшы қазақтар көшпелі өмір салтын жүргізуде қиындықтарға тап болды. Бұл жағдайлардан қоныстандыру саясатының Дала облыстары мен Түркістан өңірінің байырғы тұрғындарының тұрмыс - тіршілігіне кері әсерін тигізгенін көреміз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Вопросы социально-экономической истории дореволюционного Казахстана. Алма-Ата: КазГПИ, 1978. – 107 с.
2. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. Алма-Ата: Изд. и тип. Изд-ва Акад. наук Казах. ССР, 1950. – 102 с.
3. Сорока Н.Н. Исследования Степных областей Казахстана в 80-90-е годы XIX века по определению норм земельного обеспечения казахского населения и обоснованию формирования переселенческого фонда // Исторические науки. Омский научный вестник. 2009. № 2 (76). С.50–54.
4. Журнал совещания о землеустройстве киргиз. СПб.: Тип.МВД, 1907. – 145 с.
5. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией. Акмолинская область. Кокчетавский уезд. т.1. Воронеж: Тип. В.И. Исаева, 1898. – 712 с.
6. Шонанұлы Т. Жер тағдыры-Ел тағдыры. А.: Санат, 1995. – 224 б.
7. Центральный государственный архив Республики Казахстан.(ЦГА РК) Ф.25.ОП.1.Д.278
8. Сборник узаконений и распоряжений о переселении. СПб.: Тип. МВД, 1901. – 499 с.
9. Кузнецов Д.В. Колонизационная и землеустроительная политика самодержавия в Степном крае в период проведения Столыпинской аграрной реформы (часть 1) // Вестник Омского ГАУ. 2017. №1(25). С. 149–158.
10. Чуркин М.К., Токмурзаев Б.С. Перспективы аграрного освоения территорий Степного края в колониационных планах Российской власти во второй половине XIX-начале XX в. //

Вестник Томского государственного университета. 2015. № 401. С. 196–206.

11. Труды съезда Тургайско-Уральской переселенческой организации. 28/III-5/IV-1907 г. Оренбург: Тип. Дворжец, 1908. – 314 с.

12. Кауфман А.А. К вопросу о колонизации Уральской области /отчет члена Ученого Комитета М.З.и Г.И. А.А.Кауфмана по командировке летом 1903 г., ч.1. / А.А. Кауфман. СПб.: Тип. Киришбаума, 1903. – 78 с.

13. Исмагулов У.Ш. Ресейдің Батыс Қазақстандағы жер саясаты (1869-1917 жж.). Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2018. – 126 б.

14. Ямзин И.Л. Переселенческое движение в России с момента освобождения крестьян. Киев: Тип. Императорского Университета Св. Владимира, 1912. – 198 с.

15. Средняя Азия. кн.УШ. Ташкент: Ред.-изд. А. Л. Кирснер, 1910. – 262 с.

16. ЦГА РК.Ф.19.ОП.1.Д.291

17. Переселение и землеустройство за Уралом. СПб.: Тип. Ю.Н.Эрлиха, 1911. – 501 с.

18. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX начале XX века (1967 – 1904 гг.). Алматы. – 411 с.

19. История Казахстана. Т.3. А.: Атамұра, 2000. – 768 с.

20. Материалы по земельному вопросу в Азиатской России, 1917 - Материалы по земельному вопросу в Азиатской России. вып.1. Степной край. Петроград: Тип. И.Ф. Вайсберга, 1917. – 135 с.

### References

1. Voprosy sotsial'no-ekonomicheskoi istorii dorevol'ytsionnogo Kazahstana. Alma-Ata: KazGPI, 1978. – 107 p.

2. Tursunbaev A.B. Iz istorii krest'yanskogo pereseleniya v Kazahstan. Alma-Ata: Izd. i tip. Izd-va Akad. nauk Kazah. SSR, 1950. – 102 s.

3. Soroka N.N. Issledovaniya Stepnyh oblastej Kazahstana v 80-90-e gody XIX veka po opredeleniyu norm zemel'nogo obespecheniya kazahskogo naseleniya i obosnovaniyu formirovaniya pereselencheskogo fonda // Istoricheskie nauki. Omskij nauchnyj vestnik. 2009. № 2 (76). S.50–54.

4. ZHurnal soveshchaniya o zemleustrojstve kirgiz. SPb.: Tip.MVD, 1907. – 145 s.

5. Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu sobrannye i razrabotannye ekspeditsiej. Akmolinskaya oblast'. Kokchetavskij uezd. t.1. Voronezh: Tip. V.I. Isaeva, 1898. – 712 s.

6. Şonanūly T. Jer tağdyry-El tağdyry. А.: Sanat, 1995. – 224 б.

7. Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan.(CGA RK) F.25.OP.1.D.278

8. Sbornik uzakonenij i rasporyazhenij o pereselenii. SPb.: Tip. MVD, 1901. – 499 s.

9. Kuznecov D.V. Kolonizacionnaya i zemleustroitel'naya politika samodержaviya v Stepnom krae v period provedeniya Stolypinskoj agrarnoj reformy (chast' 1) // Vestnik Omskogo GAU. 2017. №1(25). S. 149–158.

10. CHurkin M.K., Tokmurzaev B.S. Perspektivy agrarnogo osvoeniya territorij Stepnogo kraja v kolonizacionnyh planah Rossijskoj vlasti vo vtoroj polovine XIX-nachale HXX v. // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. 2015. № 401. S. 196–206.

11. Trudy s'ezda Turgajsko-Ural'skoj pereselencheskoj organizacii. 28/III-5/IV-1907 g. Orenburg: Tip. Dvorzhec, 1908. – 314 с.

12. Kaufman A.A. K voprosu o kolonizacii Ural'skoj oblasti /otchet chlena Uchenogo Komiteta M.Z.i G.I. A.A.Kaufmana po komandirovke letom 1903 g., ch.1. / A.A. Kaufman. SPb.: Tip. Kirshbauma, 1903. – 78 s.

13. İsmagulov U.Ş. Reseidñ Batys Qazaqstandaғы jer saiasaty (1869-1917 jj.). Aqtöbe: «Jübanov universiteti» baspasy, 2018. – 126 б.

14. YAmzin I.L. Pereselencheskoe dvizhenie v Rossii s momenta osvobožhdeniya krest'yan. Kiev:

Tip. Imperatorskogo Universiteta Sv. Vladimira, 1912. – 198 s.

15. Srednyaya Aziya. kn. VIII. Tashkent: Red.-izd. A. L. Kirsner, 1910. – 262 s.

16. CGA RK.F.19.OP.1.D.291

17. Pereselenie i zemleustrojstvo za Uralom. SPb.: Tip. YU.N.Erliha, 1911. – 501 s.

18. Sulejmenov B. Agrarnyj vopros v Kazahstane poslednej treti HИH nachale HKH veka (1967 – 1904 gg.). Almaty. – 411 s.

19. Istoriya Kazahstana. T.3. A.: Atamұra, 2000. – 768 s.

20. Materialy po zemel'nomu voprosu v Aziatskoj Rossii, 1917 - Materialy po zemel'nomu voprosu v Aziatskoj Rossii. vyp.1. Steпноj kraj. Petrograd: Tip. I.F. Vajsberga, 1917. – 135 s.

## ПРОБЛЕМЫ УСТАНОВЛЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ НОРМ И ВЫЯВЛЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ ФОНДОВ В СТЕПНОМ КРАЕ И ТУРКЕСТАНЕ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВВ.)

ИСМАГУЛОВ У.Ш.<sup>1\*</sup> , БЕРДИГУЖИН Л.Б.<sup>2</sup> 

\*Исмагулов Узакбай Шаукерович<sup>1</sup> – Доктор исторических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан

E-mail: [uzakbai\\_is@mail.ru](mailto:uzakbai_is@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Бердигужин Лескали Базарғалиевич<sup>2</sup> – Доктор исторических наук, профессор, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан

E-mail: [berdyguzhin@mail.ru](mailto:berdyguzhin@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-9092-9504>

**Аннотация.** Статья посвящена рассмотрению вопросов колониальной земельной политики, проводимой Российской империей в Степном крае и Туркестане, где назрела необходимость в разрешении накопившихся аграрных противоречий.

В статье подробно анализируются противоречия в установлении земельных норм и определении земельных излишков. Авторы отмечают, что были предприняты меры по переселению в казахские степи безземельных российских крестьян, получивших свободу, но оставшихся без земли в результате закона 1861 года. В связи с этим были созданы и отправлены специальные экспедиции в Степной край и Туркестан для всестороннего изучения казахских земель и определения земельных фондов. Работа велась в плодородных для пастбищных угодий зонах, принадлежащих казахам, занимавшимся кочевым скотоводством. Кочевому казахскому хозяйству устанавливали земельные нормы, а излишек выделяли на нужды крестьян. В статье исследуются особенности установления земельных норм, способствовавших определению данных «земельных излишков».

Отмечено, что экспедиция Ф. Щербины установила земельную норму для кочевых хозяйств, но впоследствии экспедиция В. Кузнецова снизила ее уровень. В работах экспедиций в Семиреченской и Сырдарьинской областях были выявлены недостатки при установлении земельных норм.

Авторы приходят к выводу о том, что масса выявленных недостатков в работах вышеуказанных экспедиций при определении «излишков» земель и земельных фондов для переселенцев возмутили даже самих царских чиновников. Ситуацию можно проследить по имеющимся в архивах отзывам генерал–губернаторов и военных губернаторов.

**Ключевые слова:** Российская империя, колонизация, казахское хозяйство, расселение, земельная норма, земельные излишки, последствия.

## PROBLEMS OF ESTABLISHING LAND NORMS AND IDENTIFYING LAND FUNDS IN THE STEPPE REGION AND TURKESTAN (LATE XIX – EARLY XX CENTURIES)

ISMAGULOV U.SH.<sup>1\*</sup> , BERDYGUZHIN L.B.<sup>2</sup> 

\*Ismagulov Uzakbay Shaukerovich<sup>1</sup> – Doctor of historical sciences, professor, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: [uzakbai\\_is@mail.ru](mailto:uzakbai_is@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Berdyguzhin Leskali Bazargaliyevich<sup>2</sup> - Doctor of historical sciences, professor, Kh. Dosmukhamedov Atyrau university, Atyrau, Kazakhstan

E-mail: [berdyguzhin@mail.ru](mailto:berdyguzhin@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-9092-9504>

**Abstract.** The article devoted to the issues of colonial land policy pursued by the Russian Empire in the Steppe Region and Turkestan, where there is a need to resolve accumulated agricultural contradictions.

The article analyzes in detail the contradictions in the establishment of land standards and the definition of land surpluses. The author notes that measures were taken to resettle landless Russian peasants in the Kazakh steppes, who were freed but left without land as a result of the 1861 law. In this regard, special expeditions were created and sent to the Steppe Region and Turkestan to fully study Kazakh lands and determine land funds. The work was carried out in fertile areas for grazing land, belonging to Kazakhs engaged in nomadic pastoralism. Nomadic Kazakh economy set land norms, and surplus allocated for the needs of peasants. The article explores the specifics of land regulations that helped to define these «land surpluses».

It is noted that the expedition of F. Scherbina set a land norm for nomadic farms, but later the expedition of V. Kuznetsov reduced its level. In the works of expeditions in the Semirechye and Syrdarya regions, shortcomings in the establishment of land standards were revealed.

The author concludes that the mass of identified shortcomings in the work of the above expeditions in determining the «surplus» of land and land funds for the settlers outraged even the Tsarist officials themselves. The situation can be traced back to the archives of the reviews of the governors-general and the military governors.

**Key words:** Russian empire, colonization, Kazakh economy, settlement, land norm, land surplus, consequences.